

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 199 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-

құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; 2014 жылғы 3 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 19 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 30 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының

Заңы;

2014

жылғы

31 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы;

1) м а з м ұ н ы н д а :

83 және 84-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«83-тарау. Салық міндеттемесінің, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мен әлеуметтік аударымдарды төлеу бойынша міндеттердің орындалуын есепке алу»;

«84-тарау. Салық міндеттемесінің, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша міндеттемелердің орындалуы жөніндегі хабарлама»;

438, 446, 590, 591, 592, 594 және 598-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«438-бап. Салықтың жекелеген түрлерін, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын

және әлеуметтік аударымдарды төлеу ерекшеліктері»;

«446-бап. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін, әлеуметтік аударымдарды төлеу және міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мерзімдері»;

«590-бап. Салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есептелген азайтылған сомаларын есепке алу»;

«591-бап. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есепке жазылған сомаларын есепке алу»;

«592-бап. Төленген, есепке жатқызылған, қайтарылған салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды есепке алу»;

«594-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есеп-қисаптарға салыстырып тексеру жүргізу»;

«598-бап. Салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі»

2) 12-баптың 1-тармағының 36) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«36) салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шоты – салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есептелген, есепке жазылған (азайтылған), аударылған және төленген (есепке жатқызылғандары және қайтарылғандары ескерілген) сомасын, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдардың сомасын есепке алуға арналған құжат, оның ішінде электрондық нысандағы құжат»;

3) 13-баптың 1-тармағында:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) салықтық өтінішті алған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей салық міндеттемесінің, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу жөніндегі міндеттемелердің

орындалуы бойынша бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы жеке шоттан
ү з і н д і к ө ш і р м е а л у ғ а ; » ;

8-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8-1) сұрау салу арқылы осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер алуға;»;

4) 18-баптың 1-тармағында:

2-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары) есептеудің және аударудың толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету;»;

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары) есептеудің және аударудың толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету;»;

5) 19-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) салық төлеушіден (салық агентінен, оператордан) салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеудің дұрыстығын және төлеудің (ұстаудың және аударудың) уақтылығын, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстау мен аударудың, әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеудің толықтығы мен уақтылығын растайтын құжаттарды, салық төлеуші (салық агенті, оператор) жасаған салықтық нысандар бойынша жазбаша түсіндірмелерді, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) қаржылық есептілігін, оның ішінде резидент салық төлеушінің (салық агентінің) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қоса алғанда, егер осындай тұлға үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген болса, аудиторлық есепті қоса бере отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілігін ұсынуын талап етуге;»;

6) 20-баптың 1-тармағында:

3), 4) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) салық төлеушінің (оператордың) – салық міндеттемесін, салық агентінің (оператордың) салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндетін осы Кодексте белгіленген тәртіппен орындауына салықтық бақылауды, сондай-ақ әлеуметтік аударымдарды есептеудің толықтығы мен төлеудің уақтылығын, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстау мен аударудың уақтылығын бақылауды

ж ү з е г е а с ы р у ғ а ;

4) салық төлеушілерді, салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды, есептелген, есепке жазылған және төленген салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, есептелген, ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, есептелген және төленген әлеуметтік аударымдарды есепке алуды жүргізуге;»;

«11) осы Кодексте көзделген мерзімде және жағдайларда салық міндеттемесінің, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын ұстау мен аудару және әлеуметтік аударымдарды төлеу бойынша міндеттемелердің орындалуы жөнінде салық төлеушіге (салық агентіне, операторға) хабарлама және (немесе) осы Кодексте белгіленген жағдайларда оның көшірмесін табыс етуге;»;

12-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12-1) осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер беруге;»;

15), 16) және 20) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«15) салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық өтінішін алған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей оның жеке шотынан салық міндеттемесінің, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару және әлеуметтік аударымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуы бойынша бюджетпен есеп айырысу жай-күйі туралы үзінді көшірмені ұсынуға;

16) көрсетілген ақпарат үшін салық органына өтініш жасалған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өз құзыреті шегінде салық төлеушіге (салық агентіне) салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, бюджетке төленуге жататын өсімпұлдар мен айыппұлдарды төлеу жөніндегі төлем құжатын толтыру үшін қажетті деректемелер туралы мәліметтер, сондай-ақ салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, бюджетке төленуге жататын өсімпұлдар мен айыппұлдарды, әлеуметтік аударымдарды төлеу және міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару тәртібі туралы ақпарат ұсынуға;»;

«20) салық төлеушінің талап етуі бойынша – салық міндеттемесінің, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша міндеттемелердің орындалуы жөніндегі, салық агентінің талап етуі бойынша салықты есептеу және аудару бойынша міндеттің орындалуы жөніндегі есеп-қисапқа салыстырып тексеру жүргізуге, жеке шотқа осы Кодексте көзделген тәртіппен

т ү з е т у л е р

е н г і з у г е ; » ;

7) 31-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы Кодексте белгіленген жағдайларда салық төлеушінің уәкілетті өкілі салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару кезінде төлем құжаттарында ақшаны жөнелтуші салық төлеушінің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) немесе атауын және оның сәйкестендіру нөмірін көрсетеді.»;

8) 3 7 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Таратудың салық есептілігі таратылатын заңды тұлға төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша, құжаттық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініш табыс етілген салық кезеңінің басынан бастап осындай өтініш табыс етілген күнге дейінгі к е з е ñ ү ш і н ж а с а л а д ы . » ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Таратылатын заңды тұлға таратудың салық есептілігі салық органына табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлейді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударарды.

Егер таратудың салық есептілігінің алдында табыс етілген салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) таратудың салық есептілігі салық органына табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап және таратудың салықтық тексеруі аяқталған күнге дейінгі кезеңде салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу бойынша салық міндеттемесі, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару бойынша міндеттер туындаған жағдайда, таратылатын заңды тұлға осындай салық міндеттемесін, міндетті салық органының осы Кодекстің 607-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген хабарламасы негізінде орындауға міндетті.»;

бірінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы;»;

үшінші бөліктің бірінші абзацы және 1) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек, салықтардың, төлемдердің және өсімпұлдардың артық төленген сомалары, салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдар мен айыппұлдардың қате төленген сомалары болған және (немесе) есепке жатқызылатын қосылған құн салығы осы Кодекстің 273 және 274-баптарына сәйкес қайтарылуға жататын есептелген салық сомасынан асып түскен жағдайда, таратылатын заңды тұлға осы тармақта көрсетілген құжаттарды:

1) салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі өтелген күннен;»;

9) 3 7 - 1 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Таратудың салық есептілігі таратылатын заңды тұлға төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша, қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш табыс етілген салық кезеңінің басынан бастап осындай өтініш табыс етілген күнге дейінгі кезең үшін ж а с а л а д ы . » ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

«4. Таратылатын заңды тұлға таратудың салық есептілігі салық органына табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлейді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударарды.

Егер таратудың салық есептілігінің алдында табыс етілген салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) таратудың салық есептілігі салық органына табыс етілген күннен бастап

күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.»;

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорытындыда камералдық бақылаудың нәтижелері, сондай-ақ салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша есеп айырысудың жай-күйі көрсетіледі.»;

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Таратылатын заңды тұлға салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болмаған жағдайда, камералдық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы тармақта көрсетілген құжаттарды табыс етеді.»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар, салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек болған жағдайда, таратылатын заңды тұлға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жойған жағдайда салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өтелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы баптың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс етеді.

13. Осы баптың 11-тармағында көрсетілген құжаттар табыс етілгеннен және осы баптың 11 және 12-тармақтарында белгіленген ережелер орындалғаннан кейін салық органы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, құрылымдық бөлімшелерді есептік тіркеуді, қайта тіркеуді, есептік тіркеуден шығаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органға осы Кодекстің 598-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, таратылатын заңды тұлға бойынша салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер жібереді.»;

10) 37 - 2 - бапта :

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Таратудың салық есептілігі таратылатын заңды тұлға немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкер төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша қызметті тоқтату

туралы салықтық өтініш табыс етілген салық кезеңінің басынан бастап осындай өтініш табыс етілген күнге дейінгі кезең үшін жасалады.»;
4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Таратылатын заңды тұлға немесе қызметін тоқтататын дара кәсіпкер таратудың салық есептілігі салық органына табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлейді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды аударды.

Егер таратудың салық есептілігінің алдында табыс етілген салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, төлеу (аудару) таратудың салық есептілігі салық органына табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.»;

6-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Салық төлеуші салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті төлеуді (аударуды) камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.»;

8, 9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Осы баптың 4, 5 және 6-тармақтарында белгіленген ережелер орындалған және салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек болмаған жағдайларда, сондай-ақ салық органы жүргізген камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жойған жағдайда таратылатын заңды тұлға орналасқан жеріндегі салық органына бір мезгілде:

1) т а р а т у б а л а н с ы н ;

2) банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның банктегі бар шоттарының жабылғаны туралы анықтамасын табыс е т е д і .

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды таратылатын заңды тұлға салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек болмаған жағдайда, осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде табыс етеді.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар, салық

берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек болған жағдайларда, таратылатын заңды тұлға осы тармақта көрсетілген құжаттарды камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жойған жағдайда салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өтелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде табыс етеді.

9. Осы баптың 8-тармағында белгіленген ережелер орындалғаннан кейін салық органы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, құрылымдық бөлімшелерді есептік тіркеуді, қайта тіркеуді, есептік тіркеуден шығаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органға осы Кодекстің 598-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде таратылатын заңды тұлға бойынша салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді жібереді.

10. Қызметін тоқтатқан дара кәсіпкердің салық міндеттемесі салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек болмаған немесе өтелген, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар толық көлемде жойылған жағдайда камералдық бақылау жүзеге асырылғаннан кейін орындалды деп есептеледі.»;

13-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Салық органы осы баптың 6-тармағында белгіленген салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті төлеу (аудару) мерзімі өткеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығарудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.»;

11) 38-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«38-бап. Резидент заңды тұлғаның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесінің салық міндеттемесін орындауы

1. Резидент заңды тұлға өзінің құрылымдық бөлімшесінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша салық органына бір мезгілде:

1) қызметін тоқтату туралы салықтық өтінішті;

2) резидент заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшенің қызметін тоқтату туралы шешімінің көшірмесін;

3) егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, құрылымдық бөлімшенің таратудың салық

2. Таратудың салық есептілігі заңды тұлғаның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесі дербес төлеуші болып танылған салықтың, төлемақының түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің қызметін тоқтату туралы шешім қабылданған салық кезеңінің басынан бастап қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш табыс етілген күнге дейінгі кезең үшін жасалады.

Егер кезекті салық есептілігін табыс ету мерзімі таратудың салық есептілігін табыс еткеннен кейін басталатын болса, осындай кезекті салық есептілігін табыс ету таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

3. Заңды тұлғаның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесі осы баптың 2-тармағында көзделген таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықты, төлемақыларды, әлеуметтік аударымдарды төлеуді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуды салық органына таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Егер таратудың салық есептілігінің алдында табыс етілген салық есептілігінде көрсетілген салықты, төлемақыларды, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, төлеу (аудару) таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Егер заңды тұлғаның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшесі салықты, төлемақыларды, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды дербес төлеуші болып танылмаса, таратудың салық есептілігі табыс етілмейді.

5. Қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшенің салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі осы құрылымдық бөлімшені құрған заңды тұлғаның ақшасы есебінен өтеледі.

6. Салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешек толық көлемде өтелгеннен кейін қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшені құрған заңды тұлға осы құрылымдық бөлімшенің орналасқан жері бойынша салық органына банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қызметі тоқтатылатын құрылымдық бөлімшенің бар банктік шоттарының жабылғаны туралы анықтамасын табыс етеді.»;

12) 39-баптың 1-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Таратудың салық есептілігі қосылу, бірігу жолымен қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға салық төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша осындай есептілікті тапсыру міндетті туындаған салық кезеңі басталған кезден бастап оны салық органына табыс ету күніне дейінгі кезең үшін жасалады.»;

13) 39-1-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Таратудың салық есептілігі төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын, олар бойынша құқықтары мен міндеттерін беретін тұрақты мекеме салықтар, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша жасалады, мұндай есептілікті табыс ету жөніндегі міндеттеме туындаған салық кезеңінен бастап оны салық органына табыс еткен күнге дейінгі кезең үшін.»;

14) 40 - бапта :

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Таратудың салық есептілігі қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша, құжаттық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініш табыс етілген салық кезеңінің басынан бастап осындай өтініш табыс етілген күнге дейінгі кезең үшін жасалады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеуді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуды салық органына таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

Таратудың салық есептілігінің алдында табыс етілген салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, төлеу (аудару) таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.»;

5-тармақтың бесінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы;»;

4) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі, салықтардың, төлемдер мен өсімпұлдардың артық төленген сомалары, салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдар мен айыппұлдардың қате төленген сомалары болған кезде қайта ұйымдастырылатын заңды тұлға осы тармақта көрсетілген құжаттарды:

1) салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі өтелген күннен;»;

1 5) 4 1 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Таратудың салық есептілігі қызметін тоқтататын дара кәсіпкер төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша, құжаттық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініш табыс етілген салық кезеңінің басынан бастап осындай өтініш табыс етілген күнге дейінгі кезең үшін олар бойынша жасалады.»;

3, 8, 10-тармақтар және 10-1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«3. Қызметін тоқтататын дара кәсіпкер таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеуді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуды салық органына таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

Егер таратудың салық есептілігінің алдында табыс етілген салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.»;

«8. Қызметін тоқтатқан дара кәсіпкердің салық міндеттемесі салық берешегі,

міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі толық көлемде өтелген жағдайда құжаттық тексеру аяқталғаннан кейін орындалды деп е с е п т е л е д і . » ;

«10. Қызметін тоқтатқан дара кәсіпкер орналасқан жері бойынша салық органына:

1) банктегі бар шоттарының жабылғаны туралы банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның анықтамасын;

2) дара кәсіпкердің мөрін (ол болған кезде) жойғаны туралы құжатты табыс етуге м і н д е т т і .

Қызметін тоқтатқан дара кәсіпкер осы тармақта көрсетілген құжаттарды мынадай т а л а п т а р :

1) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болмауы;

2) салықтардың, төлемдердің және өсімпұлдардың артық төленген сомаларының б о л м а у ы ;

3) салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдар мен айыппұлдардың қате төленген сомаларының болмауы;

4) есепке жатқызылатын қосылған құн салығының осы Кодекстің 273 және 274-баптарына сәйкес қайтарылуға жататын есептелген салық сомасынан асып түсуінің б о л м а у ы ;

5) кеден органдары алатын кедендік баждарды, салықтарды, кедендік алымдар мен өсімпұлдарды есептеуді және (немесе) олардың артық (қате) төленген сомаларын қайтаруды жүргізуге арналған орындалмаған салықтық өтініштің болмауы бір мезгілде сақталған жағдайда, құжаттық тексеру аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде т а б ы с е т е д і .

Қызметін тоқтатқан дара кәсіпкер салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі, салықтардың, төлемдердің және өсімпұлдардың артық төленген сомалары, салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдар мен айыппұлдардың қате төленген сомалары болған және (немесе) есепке жатқызылатын қосылған құн салығы осы Кодекстің 273 және 274-баптарына сәйкес қайтарылуға жататын есептелген салық сомасынан асып түскен жағдайда осы тармақта көрсетілген құжаттарды:

1) салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі өтелген күннен;

2) салықтардың, төлемдердің, өсімпұлдардың артық төленген сомалары қ а й т а р ы л ғ а н кү н н е н ;

3) салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдар мен айыппұлдардың қате төленген сомалары қайтарылған күннен;

4) есепке жатқызылатын қосылған құн салығы осы Кодекстің 273 және 274-баптарына сәйкес қайтарылуға жататын есептелген салық сомасынан асып түсу қ а й т а р ы л ғ а н кү н н е н ;

5) кеден органдары алатын кедендік баждардың, салықтардың, кедендік алымдар мен өсімпұлдардың артық (қате) төленген сомалары қайтарылған күннен кейін келетін күннен бастап үш жұмыс күні ішінде табыс етеді.»;

«10-1. Осы Кодекстің 608-бабында белгіленген мерзімдерде төленбеген салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің болуы дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарудан бас тартуға негіз б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

1 6) 4 2 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Таратудың салық есептілігі қызметін тоқтататын жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша құжаттық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініш табыс етілген салық кезеңінің басынан бастап осындай өтініш табыс етілген күнге дейінгі кезең үшін жасалады.»;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер таратудың салық есептілігінің алдында табыс етілген салық есептілігінде көрсетілген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қызметін тоқтатқан жекеше нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың салық міндеттемесі және оның салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі , оның ішінде құжаттық тексеру нәтижелері бойынша қалыптасқан берешегі жоқ болған немесе осы Кодекстің 608-бабында белгіленген мерзімдерде өтелген жағдайда құжаттық тексеру аяқталғаннан кейін орындалды деп есептеледі.»;

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Осы Кодекстің 608-бабында белгіленген мерзімдерде төленбеген салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің болуы жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор ретінде тіркеу есебінен шығарудан бас тартуға негіз болып табылады.»;

1 7) 4 3 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігі және 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Таратудың салық есептілігі қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша, қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш табыс етілген салық кезеңінің басынан бастап осындай өтініш табыс етілген күнге дейінгі кезең үшін ж а с а л а д ы . » ;

«4. Қызметі тоқтатылатын дара кәсіпкер салық органына таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеуді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуды ж ү р г і з е д і .

Егер таратудың салық есептілігінің алдында табыс етілген салық есептілігінде көрсетілген салықтарды, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда төлеу (аудару) таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.»;

7-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорытындыда камералдық бақылаудың нәтижелері, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есеп айырысудың жай-күйі көрсетіледі.»;

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Салық төлеуші салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті төлеуді (аударуды) камералдық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы қорытынды жасалған немесе хабарлама орындалған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей жүргізеді.

1) камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар және салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болмаған кезде – қорытынды жасалған;

2) бұзушылықтар болған және салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болмаған кезде – камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған осындай бұзушылықтарды жою туралы х а б а р л а м а о р ы н д а л ғ а н ;

3) салық берешегі болған кезде және камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар толық көлемінде жойылған жағдайда – салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі өтелген күннен бастап дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылды деп танылады.

Дара кәсіпкерді осы тармақта белгіленген тәртіппен тіркеу есебінен шығару туралы ақпарат дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Осы баптың 12-тармағында белгіленген мерзімдерде төленбеген салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің болуы дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарудан бас тартуға негіз б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осы тармаққа сәйкес тіркеу есебінен шығарудан бас тартылған дара кәсіпкерлер туралы ақпарат осы баптың 12-тармағында белгіленген төлеу мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында о р н а л а с т ы р ы л а д ы . » ;

18) 43 - 1 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігінің б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ Қазақстан Республикасының азаматтары немесе оралмандар болып табылатын дара кәсіпкерлер қызметті оңайлатылған тәртіппен т о қ т а т у ғ а ж а т а д ы . » ;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Таратудың салық есептілігі қызметін тоқтататын дара кәсіпкер төлеуші және (немесе) салық агенті болып табылатын салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік

аударымдар бойынша қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш табыс етілген салық кезеңінің басынан бастап осындай өтініш табыс етілген күнге дейінгі кезең үшін ж а с а л а д ы . » ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату кезінде таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару салық органына таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Егер таратудың салық есептілігінің алдында табыс етілген салық есептілігінде көрсетілген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мерзімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін басталатын болса, онда оларды төлеу (аудару) таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Салық органы осы тармаққа сәйкес салық міндеттемесі орындалған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей дара кәсіпкерді тіркеу есебінен шығаруды жүзеге асырады және уәкілетті органның интернет-ресурсында дара кәсіпкердің тіркеу есебінен шығарылғаны туралы ақпаратты орналастырады.

С а л ы қ о р г а н ы :

1) осы баптың 2-тармағында көзделген шарттарға сәйкес келмеген және (немесе) осы баптың 3-тармағының талаптары орындалмаған кезде – қызметті тоқтату туралы салықтық өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

2) осы тармақта көзделген талаптар орындалмаған кезде – салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарудан бас тартады және уәкілетті органның интернет-ресурсында ақпаратты орналастырады.»;

6-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату кезінде – салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару күнінен;»;

7-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Дара кәсіпкер ретінде тіркелу кезеңінде жүзеге асырылған қызмет бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша салық міндеттемелерін есептеу оларды төлеу бойынша міндеттемелер туындаған кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.»;

19) 63-бап мынадай редакцияда жазылсын:
« 6 3 - б а п . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Салық есептілігі – салық төлеушінің (салық агентінің) осы Кодексте белгіленген тәртіпке сәйкес салық органдарына табыс етілетін, салық төлеуші туралы, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы, сондай-ақ салық міндеттемелерін, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды есептеу туралы мәліметтерді қамтитын құжаты.

2. Салық есептілігі салық төлеуші (салық агенті) салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша жасауға және табыс етуге жататын салық декларацияларын, есептеулерін, оларға қосымшаларды, сондай-ақ мониторингке жататын ірі салық төлеушілер табыс ететін мониторинг бойынша есептілікті, импортталған тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияны, тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштерді қамтиды. Салық есептілігінің нысандарын және оларды жасау ережелерін осы Кодекстің 65 - 67-баптарының ережелерін ескере отырып, уәкілетті орган бекітеді.

3. Импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі декларацияны, тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішті қоспағанда, салық есептілігі мынадай түрлерге бөлінеді:

1) бастапқы есептілік – салық төлеушіні тіркеу есебіне қою жүргізілген және (немесе) осы тұлға салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің белгілі бір түрлері бойынша салық міндеттемесі, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен аудару және әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша міндеттеме алғаш туындаған салық кезеңі үшін тұлға табыс ететін салық есептілігі;

2) кезекті есептілік – салық төлеушіні тіркелу есебіне қою жүргізілген және (немесе) осы тұлға салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің белгілі бір түрлері бойынша салық міндеттемесі, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен аудару және

әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша міндет алғаш туындаған салық кезеңінен кейінгі салық кезеңдері үшін, сондай-ақ салық кезеңі ішінде салық салу объектілері шығып қалған жағдайда - салық кезеңінің қорытындылары бойынша тұлға табыс ететін салық есептілігі.

Осы Кодекстің 37-1-тарауының мақсаттарына тауарларды импорттаған тұлға осындай тауарлар есепке қабылданған салық кезеңі үшін табыс ететін салық есептілігі импортталатын тауарлар бойынша жанама салықтар жөніндегі кезекті декларация болып табылады;

3) қосымша есептілік – осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар жататын салық кезеңі үшін бұрын табыс етілген салық есептілігіне осы тұлға салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде тұлға табыс ететін салық есептілігі;

4) хабарлама бойынша қосымша есептілік – салық органы камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған салық кезеңі үшін бұрын табыс етілген салық есептілігіне осы тұлға салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде тұлға табыс ететін салық есептілігі;

5) тарату есептілігі – салық төлеуші қызметін тоқтатқан немесе қайта ұйымдастырылған кезде осы тұлға салық төлеуші (салық агенті) болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша, сондай-ақ тіркелу есебінен шығарылған кезде қосылған құн салығы бойынша тұлға табыс ететін салық есептілігі.»;

20) 67 - бапта :

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Салық агенттері, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес (оңайлатылған декларация және патент негізінде шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимдерін қолданатындарды қоспағанда) әлеуметтік аударымдарды төлеушілер үшін Қазақстан Республикасының азаматтары

бойынша жеке табыс салығы және әлеуметтік салық жөніндегі декларация:

1) жеке тұлғалардың өздерінен жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есептелетін және ұсталатын, оның ішінде өзінің пайдасына есептелетін, сондай-ақ әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар есептелетін, оның ішінде өзінің пайдасына есептелетін табыстары;

4) есептелген салық міндеттемелерінің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың сомасы туралы ақпаратты көрсетуге арналған.»;

3-тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өздерінен жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есептелетін және ұсталатын, сондай-ақ әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар есептелетін табыстары;

3) осы Кодекске немесе халықаралық шартқа сәйкес есептелген және бюджетке төленуге жататын салықтың және басқа да міндетті төлемдердің, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың сомасы туралы ақпаратты көрсетуге арналған.»;

2 1) 6 9 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, салық есептілігін жою әдісімен кері қайтарып алу кезінде тіркеу есебінің орны бойынша салық органы салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шоттарында кері қайтарып алынатын салық есептілігі бойынша салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есептелген (азайтылған) сомаларына түзету жасауды жүзеге асырады.»;

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тексеру жүргізуге арналған нұсқамада көрсетілген салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша кешенді және тақырыптық тексерулерді жүргізу кезеңінде - тексерілетін салық кезеңінің;»;

2 2) 7 0 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Табыс етілу мерзімі міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті

зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды аудару, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы заңнамасына сәйкес салық міндеттемелерін орындау кезінде қолданылатын идентификациялау нөмірлерін енгізудің алдындағы күнге сәйкес келетін салық кезеңіндегі салық есептілігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде салық төлеушінің тіркелу нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қосымша және (немесе) хабарлама бойынша қосымша салық есептілігін табыс еткен кезде салық төлеуші (салық агенті) немесе осы Кодекстің 586, 587-баптарына сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органы анықтаған салықтың, басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың сомалары салық төлеушіні (салық агентін) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тартпай бюджетке енгізілуге ж а т а д ы . » ;

5-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тексеру жүргізуге арналған нұсқамада көрсетілген салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша кешенді және тақырыптық тексерулерді жүргізу кезеңінде (ұзартуды және тоқтата тұруды ескере отырып) – тексерілетін салық к е з е ң і н і ң ;

2) салық төлеушінің (салық агентінің) шағымында көрсетілген салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша шағым берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) салық қызметінің жоғары тұрған органының хабарламаға жасалған шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарған шешіміне шағым беру және оны қарау мерзімі кезеңінде – шағым жасалатын салық кезеңінің;»;

2 3) 7 2 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) салықтың өзге түрлері, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша – декларацияны және (немесе) есеп-қисапты табыс ету үшін белгіленген мерзімнен бастап күнтізбелік он бес күннен аспайтын кезеңге ұзартылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзарту салықтарды, бюджетке төленетін

«31-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары;»;

28) 250-баптың 2-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тарту, зейнетақы активтерінен алынған инвестициялық табысты бөлу мен есепке жатқызу бойынша қызмет көрсетулері;»;

29) 426-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Патент – жеке табыс салығын (төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда), әлеуметтік салықты, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды төлеу фактісін растайтын электрондық құжат.»;

30) 432-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Патент құнына жеке табыс салығының (төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығынан басқа), әлеуметтік салықтың, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың төленуге жататын сомалары қосылады.»;

31) 437-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Оңайлатылған декларацияда төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығының, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары көрсетіледі.»;

32) 438-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«438-бап. Жекелеген салық түрлерін, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды төлеу ерекшеліктері

Төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік аударымдар сомаларын төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірілмей жүргізіледі.»;

3 3) 4 4 6 - б а п т а :

баптың тақырыбы мен 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«446-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлерін, әлеуметтік аударымдарды төлеу және міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын

а у д а р у м е р з і м д е р і

1. Бірыңғай жер салығын, әлеуметтік салықты, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны, әлеуметтік аударымдарды төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару
м ы н а д а й т ә р т і п п е н : » ;

34) 447-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияда бірыңғай жер салығының, әлеуметтік салықтың, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығының, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақының, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары көрсетіледі.»;

35) 556-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) салық міндеттемесінің, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау мен аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша міндеттердің о р ы н д а л у ы н е с е п к е а л у ; » ;

36) 557-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 12) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«12) Қазақстан Республикасының заңнамасында салық құпиясын құрайтын салық берешегінің міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер беру көзделген мемлекеттік органдарға және (немесе) тұлғаларға береді;»;

3 7) 5 8 1 - б а п т а :
б і р і н ш і б ө л і к т е :

3) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«3) салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеуге, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға арналған төлем құжаттарын қабылдау кезінде идентификациялау нөмірін қалыптастыру қағидаларына және уәкілетті мемлекеттік органның деректеріне сәйкес идентификациялау нөмірінің дұрыс көрсетілуін бақылауға міндетті.»;

7) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«7) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың сомаларын;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«9) осы Кодексте көзделген жағдайларда, салық органының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен дара кәсіпкер, жекеше

нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның, заңды тұлғаның, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің банк шоттарындағы (корреспонденттік шоттарын қоспағанда) салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өтеу жөніндегі операциялардан басқа барлық шығыс операцияларын тоқтата тұруға;»;

38) 83-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«83-тарау. Салық міндеттемелерінің, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мен әлеуметтік аударымдарды төлеу бойынша міндеттердің орындалуын есепке алу

39) 588-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«588-бап. Жалпы ережелер

1. Салық міндеттемелерінің, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мен әлеуметтік аударымдарды төлеу бойынша міндеттердің орындалуын есепке алуды салық органы салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотын жүргізу арқылы жүзеге асырады.

2. Салық органдарының салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотын жүргізуі: дербес шотты ашуды;

кейіннен дербес шотта салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есептелген, есепке жазылған, кемітілген, төленген, есепке жатқызылған, қайтарылған сомаларын көрсетуді; дербес шотты жабуды қамтиды.

Дербес шотты жүргізу осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Салық міндеттемелерін ұлғайтуды немесе кемітуді қоса алғанда:

1) салық төлеуші (салық агенті) - салық есептілігінде;

2) салық органдары – уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтері бойынша;

3) уәкілетті мемлекеттік органдар осы Кодексте көзделген негіздер бойынша есептеген сома салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемнің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есептелген, кемітілген сомасы болып табылады.

Осы тараудың мақсаты үшін есепке жатқызылатын қосылған құн салығы

сомасының есептелген салық сомасынан асып кетуі де кемітілген қосылған құн салығының сомасы болып табылады.

4. Салық міндеттемелерін ұлғайтуды немесе кемітуді қоса алғанда, салық қызметі:

1) салықтық тексерудің нәтижелері бойынша;

2) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) салық қызметінің жоғары тұрған органының хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарған шешіміне салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қараудың қорытындылары бойынша салық органы есептеген сома салықтың, бюджетке төленетін басқа міндетті төлемнің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есептелген сомасы болып табылады.

5. Салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоты уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысандар бойынша салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың түрлері бойынша жүргізіледі.

6. Салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоты бірыңғай бюджет сыныптамасына сәйкес жүргізіледі.»;

4 0) 5 8 9 - б а п т а :

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Дербес шот салық төлеушіге (салық агентіне) бересі немесе артық төлеу сомасын қамтитын есеп-қисаптар сальдосы көрсетіле отырып, ағымдағы жылдың басында және салық міндеттемесі, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару мен әлеуметтік аударымдарды төлеу бойынша міндеттер туындаған күні ашылады. Салық төлеушінің (салық агентінің) бересісі немесе артық төлеуі болмаған жағдайда есеп-қисаптар сальдосы нөлге тең деп есептеледі.

Ағымдағы жылдың алдындағы жыл үшін дербес шоттың сальдосы ескеріле отырып, ағымдағы жыл үшін дербес шотта көрсетілген салық, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлем, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар сомаларының төленгендері (есепке жатқызылғандар мен қайтарылғандарды алып тастағанда) мен есептелгендері, қоса есептелгендері (кемітілгендерін алып тастағанда) арасындағы оң айырма артық төлем деп танылады.

Салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотындағы салық, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есеп-қисаптар сальдосы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен е с е п т е л е д і .

3. Егер салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша ағымдағы жылдың алдындағы жылы дербес шот жүргізілген болса, онда ағымдағы жылдың дербес шотына ағымдағы жылдың алдындағы жылдың дербес шотынан есеп-қисаптар с а л ь д о с ы

к ө ш і р і л е д і . » ;

4 1)

5 9 0 - б а п т а :

баптың тақырыбы мен 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«590-бап. Салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есептелген, кемітілген сомаларын есепке

а л у

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоттарындағы салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есептелген, кемітілген сомаларын есепке алу салық есептілігі деректерінің, уәкілетті мемлекеттік органдар мәліметтерінің негізінде жүргізіледі.»;

4 2)

5 9 1 - б а п т а :

баптың тақырыбы мен 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«591-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есепке жазылған сомаларын есепке алу

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың есепке жазылған сомаларын есепке а л у :

1) салықтық тексеру нәтижелері туралы;

2) тарату салықтық есептілік ұсынылған күннен бастап салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша тарату салықтық тексеру аяқталған күнге дейінгі кезең үшін салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша міндеттемелердің есепке жазылған сомалары туралы;

3) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) жоғары тұрған салық органының хабарламаға шағымды қарау нәтижесі бойынша шығарған шешіміне салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қараудың қорытындылары туралы (бұдан әрі осы баптың мақсатында осы тармақтың 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген хабарламалар бойынша есептелген сома – есептелген сома) хабарламалардың негізінде жүргізіледі.» ;

43) 592 - бапта :

баптың тақырыбы мен 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«592-бап. Төленген, есепке жатқызылған, қайтарылған салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды есепке алу

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шотында төленген, есепке жатқызылған, қайтарылған салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының аударылған және қайтарылған сомаларын және әлеуметтік аударымдарды есепке алу уәкілетті мемлекеттік органдардан алынған :

1) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың, өсімпұлдардың, айыппұлдардың төленгені бойынша;

2) салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың, айыппұлдардың артық төленген сомаларына жүргізілген есепке жатқызулар, қайтарулар бойынша ;

3) есепке жатқызылатын қосылған құн салығы сомасының есептелген салық сомасынан асып кетуіне жүргізілген есепке жатқызулар, қайтарулар бойынша;

4) қате төленген салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың сомаларына жүргізілген есепке жатқызулар, қайтарулар бойынша;

5) салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерді өндіріп алу сомалары бойынша төлем құжаттарының негізінде жүргізіледі.»;

44) 593-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Салық, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы

жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша өсімпұлдар, айыппұлдар есеп-қисаптарының сальдосы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есептеледі.»;

4 5) 5 9 4 - б а п т а :

баптың тақырыбы мен 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«594-бап. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есеп-қисаптарды салыстырып тексеру

ж ү р г і з у

1. Салық төлеушінің (салық агентінің) талабы бойынша салық органы бір жұмыс күні ішінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша есеп-қисаптарды салыстырып тексеруді жүргізеді. Осы бапта белгіленген жағдайларды қоспағанда, салыстырып тексеру аяқталған соң сол күні салық төлеушіге уәкілетті орган бекіткен нысанда салыстырып тексеру актісі беріледі.»;

46) 595-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Салық төлеушінің (салық агентінің) дербес шоты берілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде салық төлеушінің (салық агентінің) салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды есептеу, ұстап қалу және аудару бойынша міндеттерін орындауға байланысты құжаттары дербес шот берілген салық органына қағаз жеткізгіште беріледі.»;

4 7) 5 9 8 - б а п т а :

баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«598-бап. Салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді беру тәртібі

1. Салық төлеуші (салық агенті) тіркеу есебіне алынған жері бойынша «электрондық үкіметтің» веб-порталы; салық органдарының ақпараттық жүйелерінің веб-қосымшасы; халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы салық органына салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер (осы баптың мақсатына орай – берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер) алу үшін сауал беруге құқылы

» ;

48) 84-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«84-тарау. Салық міндеттемесін, міндетті зейнетақы жарналарын,
жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын,
міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу,
ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды
есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау
жөнiндегi хабарлама»;
49) 607 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Салық органының салық міндеттемесін, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігі туралы салық төлеушіге (салық агентіне) қағаз жеткізгішпен немесе оның жазбаша келісімі бойынша электрондық тәсілмен жіберген хабары хабарлама деп танылады. Хабарламалардың нысандарын уәкілетті орган белгілейді.» ;

2-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) таратудың салық есептілігін табыс еткен күннен бастап тарату салықтық тексеру аяқталған күнге дейінгі кезең үшін салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есепке жазылған сомалары туралы – тарату салықтық тексеру актісін салық төлеушіге (салық агентіне) тапсырған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей ;

4) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде салық есептілігінің табыс етілмеуі туралы – хабарламаны жіберу мерзімі осы Кодексте белгіленген оны табыс ету мерзімінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілетін, корпоративтік табыс салығы және қосылған құн салығы бойынша салық есептілігін қоспағанда, бұзушылық анықталған күннен бастап жіберіледі.

Уәкілетті орган растаған, бағдарламалық қамтамасыз етуде техникалық қателіктер туындауы себебінен осы тармақшада көрсетілген хабарламаны жіберу мерзімі бұзылған жағдайда, осы хабарлама мерзімінде жіберілген деп есептеледі. Бұл ретте осындай хабарлама бойынша салық міндеттемесін және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу жөнiндегi міндеттемелерді салық төлеуші осы Кодекстің 608-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімде орындауға тиіс.

Осы тармақшаның ережелері осы Кодекстің 579-бабына сәйкес әрекетсіз деп

танылған салық төлеушіге қатысты қолданылмайды;»;

3-тармақтың 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«5) салық міндеттемесінің және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу жөніндегі міндеттемелердің сомасы – осы Кодексте және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда;

6) салық міндеттемесін және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау туралы талап;»;

5 0) 6 0 8 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер осы баптың 3-тармағында өзгеше белгіленбесе, салық органы осы Кодекстің 607-бабы 2-тармағының 2)-4), 7)-9) тармақшаларында көрсетілген хабарламаларды жіберген жағдайда, салық міндеттемесі және (немесе) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу жөніндегі міндеттемелер салық төлеушіге (салық агентіне) хабарлама табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде орындалуға жатады.»;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Салық төлеуші осы Кодекстің 607-бабы 2-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген таратудың салықтық тексеруінің нәтижелері туралы хабарламалармен толық келіскен жағдайда, салық төлеуші хабарламаларда көрсетілген салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі салық міндеттемелерін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару және әлеуметтік аударымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындағаны туралы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осындай келісу туралы өтінішті табыс етеді.» ;

51) 611-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, мыналардан:

1) осы Кодекстің 55-бабында көзделген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кедендік төлемдерді төлеу бойынша операциялардан;

2) а қ ш а н ы :

өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу жөніндегі талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқару құжаттары бойынша ;

еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдарға жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және еңбегіне ақы төлеу, авторлық шарт бойынша сыйақылар төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару және әлеуметтік аударымдарды төлеу жөніндегі клиент міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін ақшаны алып қоюды көздейтін атқару құжаттары бойынша ;

салық берешегін өтеу бойынша, сондай-ақ мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқару құжаттары бойынша алып қоюдан басқа салық төлеушінің (салық агентінің) барлық шығыс операцияларына қолданылады.»;

52) 612-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

«банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға кейіннен оларды салық берешегін, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектерді өтеу есебіне аудару үшін ақша тапсыру;»

53) 627-баптың 5-тармағында :

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кешенді тексеру – салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша салық міндеттемесінің орындалуы, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының толық және уақтылы есептелуі, ұсталуы мен аударылуы, әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы есептелуі мен төленуі мәселелері бойынша салық органы салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты жүргізетін тексеру.» ;

2) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының толық және уақтылы есептелуі, ұсталуы мен аударылуы, сондай-ақ әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы есептелуі мен төленуі;» ;

54) 632-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 2) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

«2) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын толық және уақтылы есептеу, ұстау және аудару, сондай-ақ әлеуметтік аударымдарды толық және уақтылы есептеу және төлеу;» ;

«7) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық төлеушінің (салық агентінің) банк шотынан ақшаларды есептен шығару жөніндегі операцияларды жасаған күні салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және әлеуметтік аударымдардың, өсімпұлдардың, айыппұлдардың сомаларын уақтылы аудармауы, аудармауы (есепке алмауы) және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдардың кассаларына салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды, өсімпұлдарды, айыппұлдарды төлеу есебіне қолма-қол а қ ш а л а р д ы қ а б ы л д а у ы ; » ;

55) 637-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Егер тарату салық есептілігі алынған күннен бастап тарату салықтық тексеру аяқталған күнге дейінгі кезең ішінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және төлеу, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу, аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу жөніндегі міндеттемелер туындаған жағдайда, мұндай міндеттемелер салықтық тексеру актісіне қосымшада өсімпұл есептелмей және айыппұл санкциялары қолданылмай көрсетіледі.» ;

5 6) 6 3 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Салықтық тексеру аяқталған соң салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау, аудару, әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдарды есептеу және төлеу, залалдарды азайту, резидент еместердің табыстарынан төлем көзінен ұсталған қосылған құн салығының және (немесе) корпоративтік (жеке) табыс салығының асып кеткен сомаларын қайтарудың расталмауы бойынша міндеттемелер сомаларын есептеуге әкеп соқтыратын бұзушылықтар анықталған жағдайда салық органы салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама шығарады, ол осы Кодекстің 607-бабына сәйкес белгіленген мерзімде салық төлеушіге (салық агентіне) жіберіледі.» ;

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу, аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу жөніндегі міндеттемелердің және өсімпұлдардың есептелген с о м а с ы ; » ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Осы Кодекстің 637-бабының 7-тармағында көрсетілген міндеттемелердің сомасы осы Кодекстің 608-бабында белгіленген тәртіппен салық төлеушіге жіберілген тарату салық есептілігін беру күнінен бастап тарату салықтық тексеруінің аяқтау күніне дейінгі кезең үшін салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есепке жазылған сомалары туралы хабарламада көрсетіледі.»;

57) 657-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу, әлеуметтік аударымдарды, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару үшін банкоматтар желісі мен өзге де электрондық құрылғыларды дамытуға жәрдемдесу (материалдық көмектен басқа) арқылы салық төлеушілерге (салық агенттеріне) көмек көрсетеді.»;

58) 664-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлеуді, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуды.»;

2. «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 154-құжат; 1999 ж., № 8, 239-құжат; № 23, 925-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 1-2, 13-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8 64-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 6, 28-құжат; № 19-11, 96-құжат):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы»;

2) 1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы азаматтарының осы Заңда және Қазақстан Республикасының оған сәйкес қабылданған өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздерде және тәртіппен мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуға құқығы бар.»;

3) 1-1-баптың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар (бұдан әрі – жәрдемақылар) – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, азаматтарға мүгедектік туындаған және асыраушысынан айырылған кезде берілетін ай сайынғы ақшалай төлемдер;»;

4) 5-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

5) 8-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

6) 10-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Мүгедек Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген зейнеткерлік жасқа жеткен кезде мүгедектігі бойынша жәрдемақы тоқтатылады немесе осы Заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес Орталықтан алатын зейнетақы төлемдерінің мөлшері ескеріле отырып қайта қаралады.»

7) 13-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалған, он сегіз жасқа толмаған және осы жастан асқан балалары (оның ішінде асырап алған балалары, өгей ұлдары мен өгей қыздары), аға-інілері, апа-сіңілілері және немерелері есептеледі, бұл орайда аға-інілері, апа-сіңілілері және немерелері – егер олардың еңбекке жарамды ата-аналары болмаса, өгей ұлдары мен қыздары – егер олар ата-аналарынан алимент алмайтын болса есептеледі.»;

8) 4-тарау алып тасталсын;

9) 17 және 18-баптар алып тасталсын;

10) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«21-бап. Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.»

3. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1-құжат; № 6, 28-құжат; № 8, 49-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-11, 96-құжат; 2014 жылғы 8 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 3 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1 - б а п т а :

12), 16), 17) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«12) зейнетақы – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және (немесе) уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерінің және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы;»;

«16) зейнетақы төлемдері:

уәкілетті ұйымнан – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі бар жеке тұлғаларға еңбек өтіліне барабар жүзеге асырылатын ақша төлемдері;

еңбек сіңірген жылдары үшін – әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары осы Заңға сәйкес 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға осы Заңға сәйкес төленетін ақша төлемі;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан – міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғаларға төленетін ақша төлемі;

ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан – ерікті зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғаларға төленетін ақша төлемі;»;

«17) зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі – алушы) – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және (немесе) уәкілетті ұйымнан зейнетақы төлемдері және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар жеке тұлға;»;

«24) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – осы Заңның 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуы бойынша берілетін ай сайынғы ақшалай төлем;»;

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

«25-1) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шартты зейнетақы шотына агенттер енгізетін ақша;»;

26), 28) және 29) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«26) міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек – осы Заңда белгіленген мерзімдерде есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары;»

«28) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы

жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі – агент) – Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемесі арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаны, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын, өкілдіктерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есебіне жазатын) және аударатын жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ сақтандыру ұйымы;»;

«29) міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі – міндетті зейнетақы жарналары салымшысының зейнетақы жарналарын есептеу және (немесе) еңбекақыны (табысты) жоғалтуға байланысты зиянды өтеу ретінде жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдері үшін алынатын табысқа пайыздық қатынаспен көрсетілген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлем мөлшері;»;

мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшамен толықтырылсын:

«29-1) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі – жұмыс берушінің зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын, қызметкердің табысына пайыздық қатынаспен көрсетілген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент төлейтін төлемнің мөлшері;» ;

31) және 32) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«31) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің пайдасы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына салатын ақша;

32) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі – қызметкердің зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын табысына пайыздық қатынаспен көрсетілген, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер төлейтін төлемнің мөлшері;»;

33) тармақша алып тасталсын;

39) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«39) уәкілетті ұйымнан берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және (немесе) зейнетақы төлемдерін тағайындайтын органдар – уәкілетті мемлекеттік органдар (бұдан әрі – аумақтық орган);»;

мынадай мазмұндағы 41-1) және 41-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«41-1) шартты зейнетақы шоты – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің келіп түскен міндетті зейнетақы жарналары және өзге де түсімдер туралы мәліметтер, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен берілетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері туралы мәліметтер ескерілетін, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке

фельдъегерлік қызметтегі кезең;

б) Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметтері мен халықаралық ұйымдар қызметкерлері зайыбының (жұбайының) шетелде тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезеңі;

7) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері жұбайларының мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есепке алын а д ы .

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі бюджет қаражаты есебінен беріледі.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі Орталықтан және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алуға қарамастан беріледі.

3. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жыл сайын жүргізіледі.

4. Мемлекет еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындайтын және (немесе) жүзеге асыратын органдарда осы құқығын 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тіркеген азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыруға кепілдік береді. Бұл жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері қызметтен босатылған күннен бастап осы баптың 1 және 3-тармақтарының шарттары сақтала отырып жүзеге асырылады.»;

3) 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекет алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен, адамдардың осы Заңның 11-бабы 1-тармағында және 32-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген жасқа толу кезінде, инфляция деңгейін ескере отырып, сондай-ақ 31-баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында; 32-баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында белгіленген жағдайларда, нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекет осы Заңның 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдарға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалған кезден бастап осы Заңның 11-бабы 1-тармағында белгіленген жасқа толған кезге дейінгі мерзімде жүзеге асырылған міндетті зейнетақы жарналарының, инфляция деңгейін

ескере отырып, нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.»;

2-тармақтың бірінші абзацы және 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Зейнетақы активтерінің сақталу кепілдігі, сондай-ақ:

1) міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына шоғырландыру;»;

4) 6 - б а п т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) мен аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 3-1), 4-1) және 5-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) мен аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін бекітеді;

4-1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерінің мөлшерін айқындау және жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

5-1) әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді иелену және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының елу пайызын қайтару қағидаларын бекітеді; » ;

6) және 6-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

б) өндірістердің, жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер өз қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын қызметкерлер кәсіптерінің тізбесін бекітеді;

«6-3) зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша инфляцияның деңгейін ескере отырып, мемлекет кепілдіктерін орындау қағидаларын бекітеді;»;

5) 7 - б а п т а :

1), 5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) өндірістердің, жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу

жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын, қызметкерлер кәсіптерінің тізбесін әзірлейді;»;

«5) міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалардың деректер базасын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылардың бірыңғай тізімін қалыптастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

б) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) мен аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін әзірлейді;»;

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2) және 7-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«7-1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу (есебіне жазу) мен аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін әзірлейді;

7-2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерінің мөлшерін айқындау және оларды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

7-3) әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді иелену және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының елу пайызын қайтару қағидаларын әзірлейді;» ;

8) және 9-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен Орталық арасындағы жеке зейнетақы шоттарының, шартты зейнетақы шоттарының қозғалысы туралы ақпарат алмасу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

«9-4) зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша инфляцияның деңгейін ескере отырып, мемлекет кепілдіктерін орындау қағидаларын әзірлейді;»;

мынадай мазмұндағы 9-7) тармақшамен толықтырылсын:

9-7) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдерді алушыларға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;

б) 8-бап мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

«б) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу арқылы зейнетақы

жинақтарын төлеу қағидаларын және сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді.»;

7) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау

1. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау:

2001 жылғы 1 шілдеден бастап – ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 жасқа толғанда жүргізіледі.

Бұл ретте әйелдерге Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін тағайындау:

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

2. Төтенше және радиация қаупі ең жоғары аймақтарда 1949 жылғы 29 тамыз – 1963 жылғы 5 шілде аралығындағы кезеңде кемінде 5 жыл тұрған азаматтардың «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1) ерлердің – 50 жасқа толғанда;

2) әйелдердің – 45 жасқа толғанда Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері тағайындалуына құқығы бар.

3. 5 және одан да көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

4. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері толық көлемде осы баптың 1 – 3-тармақтарында белгіленген жасқа толғанда азаматтардың мына санаттарына:

1) ерлерге – 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін кемінде жиырма бес жыл еңбек өтілі болған кезде;

2) әйелдерге – 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін кемінде жиырма жыл еңбек өтілі болған кезде тағайындалады.

5. Орталықтан төленетін толық емес көлемдегі зейнетақы төлемдері осы баптың 1 – 3-тармақтарында көрсетілген азаматтар санаттарына олардың Орталықтан төленетін зейнетақы төлемін толық көлемде алу құқығы болмаған кезде, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілінің болуына қарай тағайындалады.

6. Орталықтан төленетін толық емес көлемдегі зейнетақы төлемдері Орталықтан төленетін толық зейнетақы төлемінен 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтіліне барабар үлес ретінде есептеледі.

7. Өмір бойы қамтылымды ай сайын алатын отставкадағы судьялардың Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы жоқ.»;

8) 13-баптың 1-тармағында:

5), 7) және 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) кәсіпкерлік және кірістер әкелетін өзге де қызмет;»;

«7) 16 жасқа дейінгі мүгедекке күтім жасаған уақыт;»;

13) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері жұбайларының мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған, бірақ 10 жылдан аспайтын кезеңі;»;

14) және 17) тармақшалар алып тасталсын;

9) 14-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

10) 16-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

11) 20-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Орталық мемлекеттік монополияға жататын мынадай қызмет түрлерін:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орталықтан төленетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, зейнетақы төлемдерін, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, біржолғы және өзге де төлемдерді төлеуді ұйымдастыруды және жүзеге асыруды;

2) міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалардың дерекқорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерін алушылардың бірыңғай тізімін қалыптастыруды;

3) агент нақты енгізген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерін келесі қаржы жылына инфляцияның болжамды деңгейін ескере отырып айқындауды;

4) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды дербестендірілген есепке алуды;

5) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды агенттерден бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды;

6) жеке идентификациялау нөмірі және (немесе) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген адамдардың міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды агентке

қ а й т а р у д ы ;

7) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды агентке және (немесе) Орталыққа оның өтініші бойынша қайтаруды ;

8) агенттердің Орталықтың шотына аударылған және Орталықтан агентке қайтарылған міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомалары бойынша және (немесе) олар бойынша өсімпұлдардың төлем құжаттарының тізілімдерін қалыптастыруды және оларды салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға табыс етуді ;

9) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, біржолғы және өзге де төлемдерді алушылар істерінің мақетін қалыптастыруды ;

10) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, біржолғы және өзге де төлемдерді алушылардың автоматтандырылған орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыруды және оларды дербестендірілген есепке алуды ;

11) агенттермен, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақы жарналарын және (немесе) олар бойынша өсімпұлдарды есепке алу, аудару, қайтару мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауды ;

12) орталық атқарушы органның бірыңғай ақпараттық жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды ;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген қызметтік, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, Орталықтың автоматтандырылған орталықтандырылған дерекқорын пайдаланушылары болып табылатын орталық атқарушы және жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің оларға қол жеткізуін ұйымдастыруды ;

14) Қазақстан Республикасы заңнамасының зейнетақы жинақтарының құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға Орталықтың қызмет түрлері бойынша ақпараттық қызмет ұсынуды ;

15) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен төленетін әлеуметтік төлемдерден ұсталған міндетті зейнетақы жарналарын ұйымдастыруды және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды ;

16) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушыларға бюджет қаражаты есебінен

субсидияланатын міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды ;

17) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға жұмыс берушінің бюджет қаражаты есебінен субсидияланатын міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды ;

18) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады . » ;

12) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«24-бап. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары агенттердің осы Заңда айқындалатын мөлшерлемелер бойынша төлеуіне жатады.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден:

1) осы Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар;

2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар босатылады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу осы тармақшада көрсетілген адамдардың өтініші бойынша жүзеге асырылады ;

3) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді иелену және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар ;

4) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар босатылады.

3 . А г е н т :

1) осы Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған жеке тұлғалар ;

2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар ;

3) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді иелену және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар ;

4) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар ;

5) ай сайынғы өмір бойы қамтылымды алатын отставкадағы судьялар үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

4. Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында төленеді.

5. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеуге арналған табысқа ақшалай көрінісінде еңбекақы төлеудің барлық түрлері және қызметкерлер пайдасының есебіне жазылған өзге де табыстар енгізіледі.

6. Ұсталған (есебіне жазылған) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын О р т а л ы қ қ а :

1) дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (осы тармақтың 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдардан басқа), жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар және кәсіби медиаторлар қызметкерлерге төленген табыстардан – табыстар төленген айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей;

2) дара кәсіпкерлер (осы тармақтың 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген дара кәсіпкерлерден басқа), жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар мен кәсіби медиаторлар өзінің пайдасына – есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен к е ш і к т і р м е й ;

3) арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары – Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және м е р з і м д е р д е ;

4) оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын шағын бизнес субъектілері – Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген м е р з і м д е ;

5) патент негізінде арнайы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер – Қазақстан Республикасының салық заңнамасында патент құнын төлеу үшін көзделген мерзімде;

6) Орталық – әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған айдан кейінгі айдың 15-күнінен к е ш і к т і р м е й ;

7) сақтандыру ұйымы – жалақыны (табысты) жоғалтумен байланысты зиянды өтеу ретінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған айдан кейінгі айдың 25-күнінен к е ш і к т і р м е й а у д а р а д ы .

7. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) осы Заңның 28-бабының 1-тармағына сәйкес есебіне жазылған өсімпұлды төлеудің толық және уақтылы жүзеге асырылуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

8. Міндетті зейнетақы жарналарын басқа адамдардың пайдасына төлеуге болмайды.

9. 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың болмауына байланысты тұратын жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің табыстарынан ұсталған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын агенттер 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есебіне жазылған өсімпұлмен қоса, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджетке аударады. Бұл ретте 2005 жылғы 1 қаңтардан кейін есебіне жазылған өсімпұл есептен шығарылып жабылуға ж а т а д ы .

Бюджетке аударылған міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) өсімпұлдар сомаларын – бұрынғы қызметкерлер, ал олар қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған жағдайда мұрагерлері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес талап ете алады.

10. Резидент заңды тұлғаның шешімі бойынша оның филиалдары, өкілдіктері агенттер ретінде қаралуы мүмкін.»;

13) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«25-бап. Міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі және төлеу тәртібі

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы табыстың 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы табыс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 75 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

2. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдерді алушылар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналары қосымша белгіленеді.

Аталған алушылар үшін міндетті зейнетақы жарналарының жиынтық мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың 10 п а й ы з ы н қ ұ р а й д ы .

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарының жалпы сомасы бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомаларынан және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерден ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарының сомаларынан тұрады.

3. Қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен:

1) агенттің бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемді алушылардың Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін табысынан 10 пайыз міндетті зейнетақы жарналарын аудару фактісі анықталған;

2) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемді алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кету фактісі анықталған;

3) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді алушының қайтыс болғаны немесе қайтыс болды деп жарияланғаны туралы мәліметтер келіп түскен;

4) босатылған және шеттетілген қамқоршылар (қорғаншылар) туралы мәліметтер келіп түскен кезде тоқтатыла тұрады.

Қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялауды жаңарту оларды тоқтата тұруға алып келген фактілер тоқтатылған кезде аумақтық органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша тоқтатылады.

4. Адвокаттар, жеке сот орындаушылары, жекеше нотариустар, кәсіби медиаторлар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын өзінің пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелетін кірістің 10 пайызы мөлшерінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің 10 пайызынан кем емес және ең төменгі жалақының 75 еселенген мөлшерінің 10 пайызынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары үшін шаруа немесе фермер қожалығының кәмелетке толған мүшесінің (қатысушысының) және басшысының пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын, салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелетін міндетті зейнетақы жарналарын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің 10 пайызынан кем емес және ең төменгі жалақының 75 еселенген мөлшерінің 10 пайызынан аспайтын мөлшерде белгіленеді. Шаруа немесе фермер қожалығының кәмелетке толған мүшелерінің (қатысушыларының) пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын олар кәмелетке толған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдан бастап есептелуге және төленуге жатады.

Адвокаттың, жеке сот орындаушысының, жекеше нотариустың, кәсіби медиатордың, сондай-ақ дара кәсіпкердің өзінің пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін өзі дербес айқындайтын табысы алатын табысы болып табылады.

Табыс болмаған жағдайда адвокаттар, жеке сот орындаушылары, жекеше нотариустар, кәсіби медиаторлар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің 10 пайызы есебінен өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге құқылы.

5. Осы Заңның 39-бабының 2-тармағында көрсетілген азаматтар үшін өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын алатын табысының 10 пайызы, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 10 пайызынан кем емес мөлшерде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлеуге ж а т а д ы . » ;

14) мынадай мазмұндағы 25-1) баппен толықтырылсын:
«25-1-бап. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі және оларды төлеу тәртібі

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлеуге жататын жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын агенттің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен зейнетақы жарналарын есептеуге қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысының 5 пайызы мөлшерінде б е л г і л е н е д і .

Орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге табыс түрінде қызметкерге төленетін жұмыс берушінің шығыстары жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу объектісі болып табылады.

2. Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төленеді, олар әлеуметтік төлемдерді алушылар үшін Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың 5 пайызы мөлшерлемесі бойынша бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жатады.

3. Жұмыс берушінің белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен:

1) агенттің бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемді алушылардың табысынан 5 пайыз жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын аудару фактісі анықталған;

2) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемді

алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға к е т у ф а к т і с і а н ы қ т а л ғ а н ;

3) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемді алушының қайтыс болғаны немесе қайтыс болды деп жарияланғаны туралы мәліметтер к е л і п т ү с к е н ;

4) босатылған және шеттетілген қамқоршылар (қорғаншылар) туралы мәліметтер келіп түскен кезде тоқтатыла тұрады.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялауды жаңарту оларды тоқтата тұруға алып келген фактілер жойылған кезде аумақтық органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемді тоқтату үшін негіздер туындаған кезде тоқтатылады.

4. Адвокаттар, жеке сот орындаушылары, жекеше нотариустар, кәсіби медиаторлар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелетін кірістің 5 пайызы мөлшерінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің 5 пайызынан кем емес мөлшерде белгіленеді.

Адвокат, жеке сот орындаушысы, жекеше нотариус, кәсіби медиатор, сондай-ақ дара кәсіпкер бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін өзі дербес айқындайтын табыс алатын табысы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Табыс болмаған жағдайда адвокаттар, жеке сот орындаушылары, жекеше нотариустар, кәсіби медиаторлар, сондай-ақ дара кәсіпкерлер бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің 5 пайызынан кем емес мөлшерде жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге құқылы.

5. Арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалықтары үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын шаруа немесе фермер қожалығының жалдамалы жұмыскерлері және басшылары үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары салық кезеңінің әрбір айы үшін есептелетін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінің 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

6. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына агенттер жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары

жүргізілетін жеке тұлғалардың тізімдерін қоса бере отырып, Орталық арқылы төлейді.»
;

15) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«26-бап. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі және оларды жүзеге асыру тәртібі

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын қызметкердің ай сайынғы табысының 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

2. Агенттер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын өз қаражаты есебінен еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын, кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың, қызметкерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген қызметкерлердің пайдасына жүзеге асырады.

Агенттер өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелерімен расталған зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайлары жойылған жағдайда міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырмайды.»;

16) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«28-бап. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын уақтылы ұстап қалмағаны және аудармағаны үшін жауаптылық

1. Нақты төлем жасалған және қызметкер табыс алған жағдайда агент уақтылы ұстап қалмаған (есебіне жазбаған) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомаларын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе оларды әрбір мерзімін өткізіп алған күнге (Орталыққа төлейтін күнді қоса алғанда) уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен бірге міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлер үшін агенттер аударуға тиіс.

2. Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары толық және (немесе) уақтылы аударылмаған жағдайда, мемлекеттік кіріс органдары міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша жинақталып қалған берешек шегіндегі ақшаны агенттердің банк шоттарынан өндіріп алуға құқылы.

Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу Қазақстан

Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен агентке жіберілетін хабарлама негізінде жүргізіледі.

Егер міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген бір айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі сомадан аспаса, мұндай хабарлама жіберілмейді.

3. Агент хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік кіріс органына пайдасына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының тізімдерін, сондай-ақ жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын жеке тұлғалардың тізімдерін ұсынуға міндетті.

Агенттердің банк шоттарынан міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу мемлекеттік кіріс органының инкассалық өкімі негізінде жүргізіледі.

Клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін банк шотында (шоттарында) ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда клиенттің ақшасын алып қоюды банк Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен жүргізеді.

Агенттің банк шотында ұлттық валютада ақша болмаған жағдайда, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу мемлекеттік кіріс органдарының ұлттық валютада шығарған инкассолық өкімдері негізінде агенттің шетел валютасындағы банк шоттарынан жүргізіледі.

4. Мемлекеттік кіріс органының өкімі бойынша банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар агенттердің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдар мен салық берешегін аударуға қатысты нұсқауларды орындауға міндетті.

Агенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) агент міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының тізімдерін табыс етпеген және міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек болған, сондай-ақ жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін жеке тұлғалардың тізімдерін табыс етпеген және олар бойынша берешек болған жағдайда, осы баптың 2-тармағында көзделген хабарлама тапсырылған

күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң жүргізіледі.

Бұл ретте агенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру агенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кіріс органының өкімінде көрсетілген міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасы шегінде жүргізіледі;

2) міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өтелмеген жағдайда – осы баптың 2-тармағында көзделген хабарлама тапсырылған күннен бастап он бес жұмыс күні өткен соң жүргізіледі. Бұл ретте агенттің банк шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтата тұру жүргізіледі.

Агенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы мемлекеттік кіріс органы өкімінің күшін шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім шығарған мемлекеттік кіріс органы банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрудың себептері жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен к е ш і к т і р м е й ж о я д ы .

5. Осы баптың 2-тармағында көзделген хабарламаны тапсырған күннен бастап он бес жұмыс күні өткен соң мемлекеттік кіріс органы агенттің касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

6. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомаларын осы сомаларды агенттердің банк шоттарынан есептен шығаратын күні Орталық арқылы а у д а р у ғ а м і н д е т т і .

7. Мемлекеттік кіріс органдары жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында агенттің идентификациялау нөмірін, басшысының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) және міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек сомаларын көрсете отырып, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешегі туындаған күннен бастап алты айдан астам мерзімде өтелмеген берешегі бар агенттердің тізімдерін ж а р и я л а й д ы . » ;

17) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«29-бап. Аударылған міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары туралы мәліметтер табыс е т у

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, агенттер міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы

жарналарының және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) сомалары жөніндегі мәліметтерді көрсететін жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде тоқсан сайын табыс етеді. Декларацияның нысанын және оны жасау тәртібін мемлекеттік кіріс органдары белгілейді.

2. Жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияда міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған адамдарға қатысты жарналары бөлігінде мәліметтер көрсетілмейді.

3. Агенттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір жеке тұлға бойынша есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бастапқы есепке алуды жүргізуге м і н д е т т і .

4. Агент есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларына және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін жеке тұлғаларға табыс етуге міндетті.»;

18) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«30-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлеуді ұйымдастыру

1. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасатын зейнетақы жинақтары белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері және (немесе) сақтандыру ұйымынан төленетін сақтандыру төлемдері түрінде зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес зейнетақы жинақтары есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жүзеге асырылады.

Егер осы Заңның 31-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдардың зейнетақы жинақтарының сомасы сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының сомасынан асатын болса, осы айырма салымшыға (алушыға) белгіленген кесте бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері түрінде төленеді.

Егер осы Заңның 31-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдардың зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспайтын болса, бұл сома салымшыға (алушыға) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан бір рет төленеді.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс

берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін деректемелері алушының зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішінде көрсетілетін алушының банк шотына аударады.

Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банк көрсететін қызметтерге ақы төлеу, айырбасталу сомаларын қоспағанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.»;

19) 31-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар адамдардың :

1) осы Заңның 11-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде;

2) осы Заңның 59-бабының 1-тармағына сәйкес ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде; ерлер 55 жасқа толғанда;

әйелдер :

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 50,5 жасқа;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 51 жасқа;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 51,5 жасқа;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 52 жасқа;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 52,5 жасқа;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 53 жасқа;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 53,5 жасқа;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 54 жасқа;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 54,5 жасқа;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 55 жасқа толғанда;

3) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің ;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету фактісін растайтын құжаттарды табыс еткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдеріне құқығы бар.»;

20) мынадай мазмұндағы 31-1-баппен толықтырылсын:

«31-1-бап. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері

1. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары кемінде күнтізбелік алпыс ай төленген жеке тұлғалардың :

1) осы Заңның 11-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде;
2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектердің құқығы бар.

2. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары төленген жеке тұлға осы баптың 1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеген кезде шартты зейнетақы шотында есепке алынатын қаражат осы Заңның 51-бабының 2-2-тармағына сәйкес қалыптастырылған резервтік қорларға жіберіледі.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемінің мөлшерін айқындау және оларды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін пайдаланылатын өлшемдерді жыл сайын уәкілетті орган белгілейді.

5. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемінің ең жоғары мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінен аспайды.

6. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері өмір бойына тағайындалады, ағымдағы айға төленеді және қайтыс болған айын қоса алғанда жүзеге асырылады.»;

21) 32-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар:

1) ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде, сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу арқылы еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстардағы жұмыс өтілі кемінде бес жыл болған елу жасқа толған адамдардың;

2) осы Заңның 11-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар басталған кезде;

3) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектердің ;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдеріне құқығы бар.»;

22) 34 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асырады және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Өзге тұлғаларға міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуға тыйым салынады.» ;

8-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) филиалдар мен өкілдіктер ашуға;»;

9 - т а р м а қ т а :

тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуға;»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен шартты зейнетақы міндеттемелері мен зейнетақы төлемдерін есепке алуды жүзеге асыруға;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) салымшыға (алушыға) оның жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап кез келген сұрау салынатын күнге сұрау салуы бойынша оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты; атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпаратты ақы алмай беруге, сондай-ақ осы Заңның 57, 57-1-баптарында көзделген ережелерді ескере отырып, оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа, шартты зейнетақы міндеттемелері жөніндегі ақпаратқа қол жеткізуінің электрондық және өзге де тәсілдерін қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтарының, шартты зейнетақы міндеттемелерінің жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларында айқындалады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыға (алушыға), атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жеке зейнетақы шотында ақша болмаған, шартты зейнетақы шотында шартты зейнетақы міндеттемелері болмаған немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына сәйкес өзінің тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарламаған жағдайларда зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы өткен жылға а қ п а р а т ж і б е р м е й д і ; » ;

6), 7) және 15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) салымшыларға (алушыларға) зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер көрсетуге;

7) салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының және шартты зейнетақы міндеттемелерінің жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;»;

«15) Орталық пен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалған шарттың негізінде жеке зейнетақы шоттары, шартты зейнетақы шоттары бойынша

қозғалыстар туралы Орталықпен ақпарат алмасуды жүзеге асыруға;»;

23) 39-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«39-бап. Салымшылардың, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалардың және агенттердің құқықтары мен міндеттері

1. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары салымшыларының:

1) өздерінің зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алуға;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

3) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерін алуға;

4) өздерінің зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұраға қалдыруға;

5) өздерінің зейнетақы жинақтарының есебінен сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға;

6) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі құқықтық қатынастарға қатысуға:

1) нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыстарды орындайтын;

2) Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін;

3) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде жұмыс істейтін азаматтардың құқығы бар.

3. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу үшін жеке тұлға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініш беруге міндетті.

Жеке тұлғада міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған жеке зейнетақы шоты болған жағдайда,

міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотын ашуға өтініш қайтадан берілмейді.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында атына шартты зейнетақы шоттары ашылған жеке тұлғалардың:

1) шартты зейнетақы шотына агент енгізген жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпарат алуға;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

3) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерін алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

5. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында шартты зейнетақы шоттарын ашу бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қағидаларында белгіленген тәртіппен жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын аударған кезде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына агент ұсынатын жеке тұлғалар тізімі негізінде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғада бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған шартты зейнетақы шоты болған жағдайда, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бұрын ашылған шартты зейнетақы шотының есебіне жатқызылады.

6. Заңның осы бабының 5-тармағында көзделген мәліметтер негізінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жеке тұлғаның атына шартты зейнетақы шотын ашу туралы мәліметтерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында атына шартты зейнетақы шоттары ашылған жеке тұлғалар тізіміне енгізу үшін Орталыққа электрондық хабарлама жібереді.

7. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалар және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алушылар:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелерін орындауға әсер ететін өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына осындай барлық өзгерістер туралы хабарлауға;

2) осы Заңның 32-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында және 60-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға;

3) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

8. Агенттердің Орталықтан Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жеке зейнетақы шотының, шартты зейнетақы шотының бар екендігі туралы

9. Агенттер бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімдерде және тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын уақтылы есептеуге, ұстап қалуға (есебіне жазуға) және төлеуге міндетті.»;

2 4) 5 0 - б а п т а :

1, 2 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері зейнетақы жарналарын, инвестициялық табысты, өсімпұл және комиссиялық сыйақы шегеріле отырып, залалдардың орнын толтыру ретінде түскен қаражатты қамтиды.

2. Жеке және заңды тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтеріне құқықтары осы Заңда көзделген заттық құқықтар қатарына ж а т а д ы . » ;

«4. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері тек қана:»

25) мынадай мазмұндағы 50-1-баппен толықтырылсын:

«50-1-бап. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері

1. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, инвестициялық табысты, өсімпұл және комиссиялық сыйақы шегеріле отырып, залалдардың орнын толтыру ретінде түскен қаражатты қамтиды.

2. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері агенттің және (немесе) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғаның меншігі болып табылмайды.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның, Орталықтың, кастодиан-банктің және инвестициялық портфельді басқарушының борыштары бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына, өсімпұлдарға, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтеріне тыйым салуға немесе олардан өндіріп алуға, оның ішінде аталған субъектілер таратылған және (немесе) банкрот болған жағдайларда, ж о л берілмейді.

4. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері тек мына мақсаттарға ғана:

1) тізбесін уәкілетті орган айқындайтын және инвестициялық декларацияда айқындалатын қаржы құралдарына орналастыруға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға ;

3) осы Заңда белгіленген жағдайларда және мөлшерде инвестициялық табыстан комиссиялық сыйақы төлеуге ;

4) есепке қате жатқызылған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын қайтаруға пайдаланылуы мүмкін.» ;

26) 51 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органға :

1) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері;

2) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері ;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаржы-шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін арналған өз қаражаты бойынша қаржылық есептілік пен бастапқы статистикалық деректерді бөлек-бөлек табыс етеді.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры бухгалтерлік есепке алуды жүргізеді және өз қаражаты және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша қаржылық есептілік пен бастапқы статистикалық деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға бөлек-бөлек табыс етеді.» ;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

«2-1. Шартты зейнетақы міндеттемелерін есепке алу уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүргізеді .

2-2. Резервтік қорларды қалыптастыруды және пайдалануды қоса алғанда, шартты зейнетақы міндеттемелерін қалыптастыру тәртібі, оларды есептеу әдістемесі және құрылымы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.» ;

27) мынадай мазмұндағы 57-1-баппен толықтырылсын:

«57-1-бап. Шартты зейнетақы шоттары туралы құпия

1. Жеке тұлғалардың атына ашылған шартты зейнетақы шоттары туралы құпия жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен өзге де түсімдер туралы мәліметтерді, сондай-ақ жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерінің тиісті қаржы жылына арналған мөлшері туралы мәліметтерді қамтиды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Орталық шартты зейнетақы шоттары туралы құпияға кепілдік береді.

2. Өздерінің қызметтік және функционалдық міндеттерін жүзеге асыруына орай

шартты зейнетақы шоттары туралы құпияны құрайтын мәліметтерге қол жеткізген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, Орталықтың лауазымды адамдары, қызметкерлері және өзге де адамдар оларды жария етуге құқылы емес.

3. Шартты зейнетақы шоттарының құпиясы атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес кез келген үшінші адамға ашылуы мүмкін.

4. Шартты зейнетақы шоттары туралы мәліметтер:

1) анықтау және алдын ала тергеу органдарына – олардың жүргізіп жатқан қылмыстық істер бойынша;

2) соттарға – сот ұйғарымы негізінде олар жүргізіп жатқан істер бойынша;

3) осы Заңның мақсаттарына орай мемлекеттік кірістер органдарына – тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша;

4) уәкілетті органға – атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның өтінішіне байланысты не оның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне тексеруді жүзеге асыруына байланысты туындаған мәселе бойынша;

5) прокурорға – оның қарауындағы материал бойынша өзінің құзыреті шегінде тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;

6) Орталыққа – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалардың деректер қорын қалыптастыру үшін;

7) орталық атқарушы органға – атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның өтінішіне байланысты туындаған мәселе бойынша;

8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жыл сайынғы міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға беріледі.»;

28) 59-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«59-бап. Сақтандыру ұйымдарынан төленетін сақтандыру төлемдері

1. Осы Заңның 11-бабының 1-тармағында және 31-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында, 32-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып, сақтандыру ұйымымен сақтандыру төлемдерін өмір бойы жүзеге асыру туралы зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқылы.

Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары пайдаланылуы мүмкін.

Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, осы Заңның 32-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға

Егер зейнетақы аннуитеті шарты жасалғаннан кейін осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдардың жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аз соманы құраса, зейнетақы аннуитеті шартына қалдықтың көрсетілген сомасы ескеріле отырып, сақтандыру сыйлықақысының және сақтандыру төлемінің мөлшерін ұлғайту бөлігінде өзгерістер е н г і з і л е д і .

2. Сақтандыру ұйымынан төленетін айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шарты жасалған күні қолданыста болған ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен болуға болмайды.

3. Сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдерін деректемелері зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілетін сақтанушының банк шотына аударарды.

Сақтандыру төлемдерінің сомаларын аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банк көрсететін қызметтерге ақы төлеу сақтандыру ұйымының өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру ұйымдары орталық атқарушы орган айқындаған тәртіппен жүргізілген сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты Орталыққа ай сайын беріп о т ы р а д ы . » ;

29) 60-баптың 5, 6, 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры сақтандыру сыйлықақысының сомаларын сақтандыру ұйымына аударған кезден бастап зейнетақы аннуитеті шарты күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

6. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан адамның оны жасасқан күнінен бастап екі жыл бойы бұзуға құқығы жоқ.

Басқа сақтандыру ұйымымен өмір бойына зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда зейнетақы аннуитеті шартын тек сақтанушының бастамасымен бұзуға болады .

Зейнетақы аннуитеті шарты бұзылған кезде:

1) онда көзделген сатып алу сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері мен сақтандыру ұйымының іс жүргізуге жұмсаған шығыстары сомасы шегеріліп төленген сақтандыру сыйлықақысы сомасынан кем болмауға тиіс;

2) жаңадан жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан төленетін ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шарты жаңадан жасалған күні қолданыста болатын ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен болуға болмайды .

7. Осы Заңның 11-бабы 1-тармағында, 31-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында және 32-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың зейнетақы жинақтарының сомасы сақтандыру ұйымымен жасалған

зейнетақы аннуитеті шартының сомасынан артық болса, аталған айырмашылық салымшыға (алушыға) осы Заңда белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан ай сайынғы зейнетақы төлемдері түрінде төленеді не салымшы (алушы) оны зейнетақы аннуитеті шартын басқа сақтандыру ұйымымен жасасу үшін п а й д а л а н а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 8, 9, 10-тармақтармен толықтырылсын:

«8. Сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеуді уәкілетті орган белгілеген әдістемеге сәйкес сақтандыру ұйымы жүзеге асырады.

Сақтандыру ұйымының зейнетақы аннуитетін жүргізу үшін жасалған шарттар бойынша істер шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін уәкілетті орган белгілейді.

9. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдері ай сайын жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Сақтандыру ұйымы алғашқы ай сайынғы сақтандыру төлемін зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтары аударылған кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

10. Сақтандыру ұйымына зейнетақы аннуитеті шартын жасасу жөніндегі делдалдық қызметтерді аталған сақтандыру ұйымымен еңбек шартын жасасқан адамдар ғана к ө р с е т е а л а д ы . » ;

3 0) 6 1 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін ерікті зейнетақы жарналарын пайдалануға;»;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) зейнетақы аннуитеті шарты бұзылған кезде зейнетақы аннуитеті шартын бұзу туралы өтінішпен жүгінуге және жаңа зейнетақы аннуитеті шарты жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жаңа сақтандыру ұйымымен шарттың түпнұсқасын беруге м і н д е т т і ; » ;

3 1) 6 3 - б а п а л ы п т а с т а л с ы н ;

32) 9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9-тарау. Азаматтардың жекелеген санаттарын еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақымен қамсыздандыру»;

33) 64, 65 және 66-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«64-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу

қ ұ қ ы ғ ы

1. Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді қоспағанда), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қ ы з м е т т і ң :

1) әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы

қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген және қызметтен босатылған кезде қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына толған;

2) әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген , штаттың қысқартылуына немесе өз еркі бойынша немесе денсаулық жағдайына байланысты қызметтен босатылған;

3) жиырма бес және одан да көп жыл жалпы еңбек өтілі бар, оның кемінде он екі жылын және алты айын үзіліссіз әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет құрайтын және әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына толуына не штаттың қысқартылуына немесе денсаулық жағдайына байланысты қызметтен босатылған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

2. Арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған:

1) әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген және арнаулы атақтар мен сыныптық шендер алу, сондай-ақ нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған кезде белгіленген арнаулы атақ, сыныптық шен бойынша құқық қорғау қызметіндегі жағдайының шекті жасына сәйкес келетін жасқа толған;

2) әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген , штаттың қысқартылуына не өз еркі бойынша, не жұмысын жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайының салдарынан атқаратын қызметіне немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмегені үшін қызметтен босатылған;

3) жиырма бес және одан да көп жыл жалпы еңбек өтілі бар, оның кемінде он екі жылын және алты айын үзіліссіз әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет құрайтын және штаттың қысқартылуына байланысты не жұмысын жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы салдарынан атқаратын қызметіне немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмегені үшін қызметтен босатылған не арнаулы атақтар мен сыныптық шендерінің болуы, сондай-ақ нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған кезде тіркелген, арнаулы атағы, сыныптық шені бойынша құқық қорғау қызметінде болудың шекті жасына сәйкес келетін жасқа толған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

3. Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға,

сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін қызметке алғаш рет кірген және 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қызметтен босатылған, қызметтен босатылған күнінде 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған заңнама нормаларына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау жағдайы болған адамдардың қызметтен босатылған кездегі еңбек сіңірген жылдары және ақшалай қамтылымы ескеріле отырып, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалуына құқығы бар.

4. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, қызметтен босатылған күнінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалуға құқығы болмаған адамдарға Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері осы Заңға сәйкес тағайындалады.

5. Әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар қатарынан еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушыларға әскери (арнаулы) атақ, сыныптық шен, біліктілік сыныбын белгілеп, мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері қызметке тағайындалған күннен бастап қызмет өткеру кезеңінде тоқтатыла тұрады.

6. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген адамдар қызметтен қайтадан босатылған жағдайда, қызметтен қайтадан босатылған кездегі еңбек сіңірген жылдарын және ақшалай қамтылымы осы баптың 1-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін тағайындатуға не еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тоқтатыла тұрған кезеңге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілген арттыруларды ескере отырып, еңбек сіңірген жылдары үшін бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдерін қалпына келтіруді таңдауға құқығы бар.

7. Әскери қызметшілер, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ішкі істер органдарының қызметкерлері қатарында кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген, қызметтен босатылған күнінде қызметте болудың шекті жасына толған не штаттың қысқартылуына, денсаулық жағдайына байланысты қызметтен босатылған, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген, осы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындатуға құқығы бар.

8. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығы осы баптың 1 – 3

-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының елу пайызын қайтарған

ж а ғ д а й д а т у ы н д а й д ы .

65-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін е с е п т е у

1. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері ақшалай қамтылымының елу пайызы есебінен белгіленеді.

Әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте жиырма бес жылдан артық еңбек сіңірген жылдарының әрбір жылы үшін осы Заңның 64-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына және 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері қызметтен босатылған күнінде жинақталған еңбек өтілінің әрбір толық жылы үшін екі пайызға, ақшалай қамтылымының бір пайызына арттырылады.

Қызметтен босатылған күнінде жинақталған жиырма бес жылдан асатын жалпы еңбек өтілінің әрбір толық жылы үшін осы Заңның 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына және 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшері ақшалай қамтылымының бір пайызына а р т т ы р ы л а д ы .

2. Әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру үшін есепке алынатын ақшалай қамтылымның мөлшеріне лауазымдық айлықақы, әскери (арнаулы) атағы, сыныптық шені, біліктілік сыныбы бойынша белгіленген айлықақы (қ о с ы м ш а а қ ы) к і р е д і .

3. Әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру үшін есепке алынатын ақшалай қамтылымның мөлшері қызметтен босатылған (жеке құрам тізімдерінен алып тасталған) күнінде айқындалады және соңғы қызмет орны бойынша тиісті органның белгіленген үлгідегі анықтамасымен расталады.

4. Арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарды зейнетақымен

қамсыздандыру үшін есепке алынатын ақшалай қамтылымның мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалады.

5. Осы Заңның 64-бабының 7-тармағында көрсетілген адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері еңбек сіңірген жылдарының әрбір толық жылы үшін ақшалай қамтылымның 2 пайызы есебінен белгіленеді.

Ақшалай қамтылым әскери қызметшілердің, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің ұқсас не теңестірілген лауазымы бойынша қызметтен босатылған (жеке құрам тізімдерінен алып тасталған) күнінде айқындалады.

6. Зейнетақы төлемдерінің жалпы мөлшерін осы баптың 2-5-тармақтарына сәйкес айқындалатын ақшалай қамтылымның алпыс бес пайызынан асыруға болмайды.

7. Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді иелену және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін айлық зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшерін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына арналып белгіленген 109 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асыруға болмайды.

8. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақымен қамсыздандыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

66-бап. Еңбек сіңірген жылдарды есептеу

Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді иелену және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдар күнтізбелік жылдар бойынша есептеледі.

Осы Заңның 64-бабының 7-тармағында көрсетілген адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекетте есептелген еңбек сіңірген жылдары, егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, қайта қарауға жатпайды.»;

34) 67-бап алып тасталсын;

35) 68-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«68-бап. Зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру мерзімдері

1. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері қызметтен босатылған (жеке құрам тізімдерінен алып тасталған) күннен бастап, бірақ оларға ақшалай қамтылым төленген күннен кейін тағайындалады және жүзеге асырылады.

2. Осы Заңның 64-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындатуға өтініш жасаған күннен бастап тағайындалады.

3. Осы Заңның 64-бабының 7-тармағында көрсетілген адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері өтініш жасаған күннен бастап, бірақ ол Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға тіркелген күннен кейін және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекетте зейнетақы төленген күннен кейін тағайындалады.

4. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері ағымдағы айға төленеді және қайтыс болған немесе Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен айын қоса алынып жүзеге асырылады.»;

36) 69-бап алып тасталсын;

37) 70-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

38) 73-бапта :

10-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын :

«2014 жылғы 1 қаңтарға дейін ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары, егер пайдасына ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары енгізілген адамдар, агенттер өз қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын өндірістер, жұмыстар, кәсіптер қызметкерлер тізбесіне кірген кәсіптер қызметкерлері болып табылса, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына аударылады.

Өзге барлық жағдайларда 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары ерікті зейнетақы жарналарына аударылады.» ;

мынадай мазмұндағы 12, 13 және 14-тармақтармен толықтырылсын:

«12. 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін толық емес көлемде тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналарының 50 пайызы қайтарылған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен қайта есептеледі.

2016 жылғы 1 қаңтарға дейін әскери қызметшілермен (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерімен, сондай-ақ арнаулы атақтарды, сыныптық шендерді иелену және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдармен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда, жеке зейнетақы шотында қалып қойған бюджет қаражаты есебінен қалыптастырылған міндетті зейнетақы жарналары сомасы қайтарылуға жатады.

13. Мөлшері 2006 жылғы 1 маусымнан бастап арттырылмаған, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен қайта есептеледі.

14. 2017 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен қайта есептеледі.»;

2 - б а п .

М ы н а л а р :

1) 2017 жылғы 1 шілдеге дейін 3-тармақтың 1) тармақшасының оныншы абзацы, 2) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші абзацтары мынадай редакцияда қолданыста болады:

«24) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – осы Заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанда жеке тұлғаларға уәкілетті ұйымнан берілетін ай сайынғы ақшалай т ө л е м ; » ;

«2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі:

1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы алатын;

2) осы Заңның 11-бабының 1 – 3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі Орталықтан және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алғанына қарамастан беріледі.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына ең төменгі күнкөріс деңгейіне кезең-кезеңімен жақындатыла отырып белгіленеді.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі бюджет қаражаты есебінен беріледі.

Осы Заңның 11-бабының 1 – 3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған кезде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына қарай мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар азаматтардың қалауы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемімен а у ы с т ы р ы л а д ы . » ;

2) 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін 3-тармақта:

1) тармақшаның жетінші, он төртінші, он бесінші абзацтары мынадай редакцияда қ о л д а н ы с т а б о л а д ы :

«бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан – зейнетақы төлемдерін алушыларға төленетін зейнетақы ж и н а қ т а р ы н ы ң т ө л е м д е р і ; » ;

«26) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек – осы Заңда белгіленген мерзімдерде есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары;»;

«28) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі – агент) – Қазақстан Республикасында қызметін шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері, сондай-ақ сақтандыру ұйымдары арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаны қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есебіне жазатын) және аударатын жеке немесе заңды тұлға;»;

3) тармақшаның сегізінші абзацы мынадай редакцияда қолданыста болады:

«1) міндетті зейнетақы жарналарының және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына шоғырландыру;»;

11) тармақшаның төртінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы абзацтары мынадай редакцияда қолданыста болады:

«2) пайдасына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылардың деректер базасын қалыптастыру;»;

«4) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды дербестендірілген есепке алу;

5) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды агенттерден бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару;

6) жеке идентификациялау нөмірі және (немесе) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген адамдардың міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарын агентке қайтару;

7) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды агентке және (немесе) Орталыққа оның өтініші бойынша қайтару;

8) агенттердің Орталықтың шотына аударылған және Орталықтан агентке қайтарылған міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомалары және (немесе) олардың өсімпұлдары бойынша төлем құжаттарының тізілімдерін қалыптастыру және оларды салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға табыс ету;»;

12) тармақшаның екінші, үшінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, жиырма бесінші абзацтары мынадай редакцияда қолданыста болады:

«24-бап. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын,

міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары осы Заңда айқындалатын мөлшерлемелер бойынша агенттердің төлеуіне жатады.»;

«5. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін табысқа ақшалай нысандағы еңбек ақының барлық түрлері және қызметкердің пайдасына есептелген өзге де табыстар енгізіледі.

7. Ұсталған (есебіне жазылған) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Орталыққа аударылады;»;

«8. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) осы Заңның 28-бабының 1-тармағына сәйкес есептелген өсімпұлды төлеудің толық және уақтылы жүзеге асырылуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.»;

18) тармақшаның алтыншы, жетінші абзацтары мынадай редакцияда қолданыста болады :

«3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры алушының зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішінде деректемелері көрсетілетін алушының банк шотына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін аударды.

Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банк көрсететін қызметтерге ақы төлеу, олардың айырбастау сомаларын қоспағанда, салымшының (алушының) зейнетақы жинақтары есебінен жүзеге асырыла алмайды.»;

22) тармақшаның үшінші, төртінші, тоғызыншы, он үшінші, он төртінші, он бесінші абзацтары мынадай редакцияда қолданыста болады:

«1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Өзге адамдарға міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуға тыйым салынады.»;

«1) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тарту;»

«4) жеке зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға ақы алмай, жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап оның сұрау салуы бойынша кез келген сұрау салынатын күнге оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратты беру, сондай-ақ осы Заңның 57-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа қол жеткізуді электрондық және өзге де тәсілдермен қамтамасыз ету.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтарының жай-күйі

туралы ақпаратты беру тәсілі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларында айқындалады.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жеке зейнетақы шотында ақша болмаған немесе салымшы (алушы) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына сәйкес тұрғылықты жерінің өзгергені туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына хабарламаған жағдайларда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыға (алушыға) өткен жылдың зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат жібермейді;»;

3 - б а п .

О с ы 3 а ң :

1) 2017 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 8), 9), 10) тармақшаларын;

2) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағын, 3-тармағы 1) тармақшасының он екінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, абзацтарын, 4) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы абзацтарын, 5) тармақшасының алтыншы, жетінші, сегізінші, оныншы, он бірінші, он үшінші, он төртінші абзацтарын, 11) тармақшасының он тоғызыншы абзацын, 14), 16), 17), 20), 23) және 25) тармақшаларын, 26) тармақшасының бесінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы абзацтарын, 27) тармақшасын қоспағанда, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті